Әділет

# Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған өтінім нысанын, рұқсат және рұқсатты есепке алу мен тіркеу жорналын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашлығы Министрлігі Балық Шаруашылығы Комитеті Төрағасының 2007 жылғы 18 маусымдағы N 16-01-07/82п Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 11 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4798 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашлығы Министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 16-01-07/146п Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл Шаруашлығы Министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2008.10.29 N 16-01-07/146п Бұйрығымен.

------------------- Бұйрықтан үзінді --------------------

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 720 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті туралы ережесіне сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған өтінім нысанын, рұқсат және рұқсатты есепке алу мен тіркеу жорналын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашлығы Министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 18 маусымдағы N 16-01-07/82п бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 756 "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатнамалар беру мен өтінімдердің, рұқсатнамалар мен таңбаларды есепке алу жөніндегі есептіліктің нысандарын бекіту туралы" бұйрығының қолданысқа енгізілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға м.а. Н. Сыздықов

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1469 қаулысымен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған нысандар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдалану үшін рұқсат

алу өтінім;

2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат;

3) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты есепке алу мен тіркеу журналы.

2. Аумақтық органдар басшылары осы бұйрықты орындауға алсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының орынбасары Н.Н. Сыздықовқа жүктелінсін.

4. Осы бұйрық 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді және ресми жариялануға тиіс.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті
Төрағасының
2007 жылғы 18 маусымдағы
N 16-01-07/82 п бұйрығымен
бекітілген

**Өтінім нысаны**

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті
______________________________
(аумақтық орган)

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдалану үшін рұқсатын алу
Өтінімі

Кімнен______________________________________________________
(өтінім беруші туралы мәліметтер (заңды тұлғалар үшін деректемелер, жеке тұлғалар үшін паспорт
____________________________________________________________
мәліметтері, шетелдіктер үшін - келу және кету күндерін, келу мақсатын, қозғалыс бағытын,
____________________________________________________________
уақытша тұратын мекен-жайын көрсете отырып, Қазақстан Республикасында болу мерзімі)

Рұқсат беруді сұраймын:______________________________________
(пайдалану түрлері - омыртқасыз су жануарлары мен теңіз сүтқоректілерін

______________________________________________________________

аулауды қоса алғандағы балық аулау (әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қоспағанда); балық аулау

______________________________________________________________

объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану; ғылыми мақсаттарда

______________________________________________________________

пайдалану; мәдени-ағарту, тәрбиелік, және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға; пайдалы қасиеттерін

______________________________________________________________

және тіршілік ету өнімдерін пайдалануға)

Алу мақсаты______________________________________________________
(кәсіпшілік аулау,

______________________________________________________________

мелиоративтік аулау, балық өсіру, ғылыми аулау және т.б.)

Мекендейтін ортасынан алынуы жоспарланған балықтар мен басқа су жануарларының тізбесі мен саны:

| Р/с N | Балықтардың және басқа су жануарлары түрлері | Саны (тн) | Төлем ставкасы (кг) | Төленген сома (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Жыныс-жас құрамы (қажет жағдайда)________________________________

Алу мерзімі______________________________________________________

Алу болжамдалған учаскенің ауданы (аумағы) мен шекарасы______________________________________________________

Алудың әдістері__________________________________________________
(аулау, ату, жинау)

Алу қарулары_____________________________________________________
(атауы, саны, мөлшері)

- қойылатын аулар_______________________________________________
- сүзекілер______________________________________________________
- басқа алу қарулары______________________________________________
- алу қаруларының таңбалануы______________________________________
- жүзгіш құралдар________________________________________________

(аты, маркасы, нөмірі, саны)

М.О. Қолы ____________________________________________________

(өтінім берушінің тегі, аты-жөні, лауазымдық тұлғаның, заңды тұлғаның)

2007 жыл "____" __________

Өтінім тіркелді___________________________________________________

(күні, қолы)

Өтінімге келесі құжаттар қоса тапсырылады:

1) нотариалды куәландырылған құрылтайшы құжаттарының көшірмесі немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген нотариалды куәландырылған құжаттар көшірмесі (алғашқы өтінім кезінде);

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төленгені туралы төлем құжаты;

3) жануарлар дүниесі объектілерін алуға қатысушы адамдардың тізімі;

4) ұстау, аулау қаруларының, жүзгіш құралдардың тізбесі;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін алу жағдайындағы шешімі;

6) берілген рұқсат бойынша есеп (егер рұқсат бұрын берілген жағдайда).

Жануарлар дүниесін пайдаланудың түріне байланысты, өтінімге қосымша мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) балық аулауға (алғашқы өтінім кезінде);

облыстық атқарушы органның балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру туралы шешімінің көшірмесі;

балық аулауға арналған шарттың көшірмесі;

балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың көшірмесі; 2) балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалануға (алғашқы өтінім кезінде):

аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды пайдалана отырып шаруашылық қызметті орындауға негіз беретін құжат (нотариалды куәландырылған лицензия көшірмесі және/немесе осы шаруашылық қызметін орындауға арналған құқықты растайтын патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, басқа да құжаттар);

жануарлар дүниесі объектілерін алуды дәлелдейтін материалдар (биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптау қорытындысы);

3) жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға (алғашқы өтінім кезінде):

бейіндейтін ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми зерттеу жұмыстары бағдарламасынан нотариалды куәландырылған үзіндінің көшірмесі;

уәкілетті органның аумақтық органы бекіткен ихтиологиялық жұмыс

жоспарының көшірмесі (бақылаулық аулау кезінде);

жануарлар дүниесі объектілерін алуды дәлелдейтін материалдар ( биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптау қорытындысы);

ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға мемлекеттік тапсырысты іске асыру кезінде уәкілетті органмен жасалған шарттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті
Төрағасының
2007 жылғы 18 маусымдағы
N 16-01-07/82 п бұйрығымен
бекітілген

**Рұқсат нысаны**

басқаға беру құқығынсыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті

__________________________

(аумақтық орган)

Қазақстан Республикасының
жануарлар дүниесін пайдалануға арналған
рұқсат N _____________

_____________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның және/немесе

_____________________________________________________________________

жауапты заңды тұлғаның аты-жөні)

_______________________________________________________берілген

"Басқарма" мен "Пайдаланушы" арасындағы балық аулауға арналған 200__ ж. "___"_____________N ____шарты негізінде

Пайдаланудың түрі__________________________________________________

(балық аулауға, судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүт қоректілерін қоса алғанда,

_____________________________________________________________________

әуесқойлық (спорттық) балық аулауға; балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда

_____________________________________________________________________

пайдалануға; ғылыми мақсатта пайдалану; мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану;

_____________________________________________________________________

пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану)
_______________________________________________________________________
(кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық,
___________________________________________________________мақсаттарда
мелиоративтік аулау, балық өсіру және т.б.)

Балық және басқа да су жануарлардың түрі немесе олардың тіршілік ету өнімдері, саны (биомассасы)__________________________________________________

(тн және кг, ит балық басы -санмен және жазбаша)

Жыныс-жас құрамы (қажет жағдайда)__________________________________

Аулау мерзімі ____________ _________________________дейін

(рұқсаттың әрекет ету мерзімі)

Алудың әдістері (аулау, ату, жинау)___________________________________________________

(түрі, мөлшері, саны)

Алу болжалған учаскенің ауданы (аумағы) мен шекарасы________________________________________________________

Жануарлар әлемі объектісі немесе олардың тіршілік ету өнімдерін алу тәсілдері мен қарулары, қолданылатын жүзу құралдары__________________________________________

(типтері, саны)
______________________________________________________________________

Жануарлар дүниесін объектілерін алуға қатысушы адамдардың саны_____________________________________________

Төлемнің төленгенін растайтын құжатқа сүйене отырып, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленген төлем сомасы көрсетіледі_____________________________

Берілген күні 200___ ж. "___" _____________

М.О. Қолы ___________________________________________

(лауазымды тұлғаның аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті
Төрағасының
2007 жылғы 18 маусымдағы
N 16-01-07/82 п бұйрығымен
бекітілген

**Жорнал нысаны**

_______________________________________

(аумақтық орган)

Жорналдың беттері нөмірленеді, тігіледі және Басқарманың нөмірімен бекітіледі

Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатты есепке алу мен тіркеу Жорналы

| Рұқ-сат-тың р/с N | Рұқсат-тың беріл-ген күні | Заңды тұлғаның атауы, жеке тұл-ғаның және /немесе жауапты заңды тұлғаның аты-жөні | Пайда-лану түрі | Алу мақса-ты | Алуға рұқсат берілген балық және басқа да су жануар-лардың түрі немесе олардың тіршілік ету өнімдері | Саны (биомас-сасы) (тн және кг, ит балық басы - санмен және жазбаша) | Жыныс-жас құрамы (қажет жағдай-да) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Алу-дың мер-зім-дері | Алудың әдісте-рі (аулау, ату, жинау және тағы басқа) | Алу болжал-ған учаске-нің ау-даны (аумағы) мен шекара-сы | Жануар-лар әлемі объектісі немесе олардың тіршілік ету өнімдерін алу тәсілдері мен қарулары, қолданыла-тын жүзу құралдары | Жануар-лар дүние-сін объек-тілерін алуға қатысу-шы адам-дардың саны | Төлемнің төленге-нін рас-тайтын құжатқа сүйене отырып, жануар-лар дүниесін пайдаланғаны үшін төленген төлем сомасы көрсеті-леді | Рұқсатты берген тұлғаның лауазымы, аты-жөні | Алушы-ның қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК